



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Астана

Оглавление

1. Асыл Камила	2
2. Генералова Злата.....	5
3. Жанел Дидар.....	8
4. Сарсембаев Әбілмансұр	10
5. Рамазанова Дина.....	12
6. Таджигалиева Ақбота.....	15
7. Шерубаева Майра	18

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Асыл Камила

10 сынып №50

**"Қазғарыш" мектеп-лицейі Астана қаласы,
Жетекші: Ермағанбетова Айдын Қабдырашовна**

Ұлттық патриотизмсіз ұлтты сақтап
қалу мүмкін емес, ал ұлт болмаған жерде
мемлекеттік деген ұғым да жойылады.

Біз қазақ ұлтын сақтап қалғымыз келсе,
ұлттық патриотизмді мықтап дамытуымыз қажет
Қазақ халқы

Біз – қазақ ұлты терең тарихы, бай мәдениеті, озық өнері мен шешен де маңызды тілі бар елміз. Арғы тарихымыз біздің дәуірімізге дейінгі V-III ғасырлардағы сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын болса, «қазақ» деген атауға ие болып, қазақ мемлекетінің құрылғанына 550 жыл толып отыр. Римді жаулаған ғұн патшасы Еділ (Атилла), Кирдің басын алған Томирис ханшайым, түркі дүниесінің төріндегі Бумын, Тоныкөк қағандар, Мысыр билеушісі Сұлтан Бейбарыс, Үнді жеріне иелік еткен Бабыр, Шыңғыс хан, Абылай, Кенесары, Дінмұхамед, Нұрсұлтан есімдері біз үшін тек зор мақтаныш қана емес, рухани әлеміміздің шамшырақтары екені даусыз. Түркі мәдениетінің жауһарлары өз дәуірінде ғана емес ХХІ- ғасырда да әлемдегі ең озық мәдениет екенін тарих дәлелдеп отыр. Египеттің пирамидаларынан Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, перғауындардың саркафагтарынан қазақ даласының алтын сауыттары кем емес екені әлде қашан дәлелденген. Көшпенділер өнері, шумерлік мәдениет әлемді мойындатқалы қашан.

Ғылыми зерттеулер бойынша қазақ тілінің түп атасы-түркілердің сына жазуы славян-кирилл жазуынан 15 ғасыр, грузин және армян жазуынан 10 ғасыр бұрын пайда болған.

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша 9-шы, ТМД бойынша 2-ші орынды иеленеді. Қазақ ұлты тарихта тағдыр талайын аз көрмеген халық. Жер шарының жартысын табанының астына салған дүбірлі дәуірімен бірге халқының үштен екісін жоғалтып, өз жерінде жалпы халықтың 24 пайызын ғана құраған, зиялысымен бірге ер азаматтарынан мүлде айырылып қалудың аз алдында қалған, соған қарамастан ұлттық намысын, салт-дәстүрін, діні мен тілін, ұлттық болмысын ғана емес мемлекеттігі мен жерінің тұтастығын

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

сақтап қалған қайсар да жауынгер, кемел де кемеңгер халық. Қазақ екенімізге мақтана алатын артықшылықтарымыз аз емес. Алайда ХХІ-ғасырда, жаһандану дәуірінде қазақ халқын тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Ол-қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалу және Қазақстанды әлемдегі озық мемлекеттердің алдына шығару.

Бұл-ұлы мақсат. Қазақстан мемлекеті мен қазақ ұлтын дамыту мен гүлдендіру мақсаты. Оған жетудің оңай емес екені де белгілі. Бұл идеология Қазақстан болашағы үшін, қазақ ұлтының келешегі үшін жаны ашитын, тілі мен діні, жарқын болашағы, ертеңгі алаңсыз өмірі, келешек ұрпағының бақыты үшін күресетін, берік бірлігін сақтай отырып, бір мақсатқа жұмыла әрекет ететін, «Мен қазақпын, мен қазақ екенімді мақтан тұтымын, ұлтым үшін у ішуге дайынмын» деген адамдарға арналады. Біздің ұлттық идеологиямыздың түп қазығы: «Көп балалы бол және оларды ұлттық рухта тәрбиеле». Біздің ұлттық идеологиямыздың ұстанымы: «Қазақ баласы- жер сенікі, ел сенікі. Жеріңе, еліңе ие бол. Өз жеріңде, өз Отаныңда тұрып басқаның құлы болма». Біздің ұлттық идеологиямыздың ойтұмары: «Қазақ қызы біздің ең негізгі байлығымыз. Қазақ қызын сыйламаған адам бізден емес, ол біздің жауымыз». Біз-қазақ ұлтының патриоттары өзіміздің ұлтымызды сүйетінімізді, әрқандай жағдайда ұлтымыздың болашағы үшін күресуге дайын екенімізді басқаларға мақтана айтуға тиіспіз. Бұл күресте біз аса білімді және жылдам болуға міндеттіміз. Ол үшін бізге берік денсаулық керек. Берік денсаулыққа жету үшін жат қылықтардан, өрескел әдеттерден алыс жүруге тиіспіз.

Өркім өзінің ата-анасын, бауырын, қарындасын, туып-өскен жерін, ана тілін, дінін жақсы көргені үшін айыпты бола алмайды. Жақсы көрмеген адам-сатқын, екіжүзді болып есептеледі. Алла бізге өзімізге ғана тән түр берді, тіл, дәстүр берді. Байтақ жер мен орасан байлық нәсіп етті. Оның бәрі үшін бір Аллаға ғана қарыздармыз. Ата-бабамызға бас иеміз. Қазақ болып тудық, қазақ болып өлеміз. Америкадағы арабтардың, Ресейдегі грузиндердің жағдайын ойыңа ал. Ондаған миллион күрдттердің, сығандардың тағдырын есіңнен шығарма. Өз жерің үшін күрес, өз елінде еркін, алаңсыз, қорықпай өмір сүр, ұрпақ өсір.

Міне бүгінгі осы баяндамамды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтің сөзімен ақтағым келіп отыр:

- Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтырдың қасиетті қанының өтеуі. Бұл бүкіл

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейімінің қайтарымы.

- Біз бабалары басының қадірін арттыруда басты мұрат санаған елдің баласымыз.

- Бойында қаны бар, .амысы бар әрбір азамат енді тәуелділікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз деп ой-санасын қамшылауы керек.

- Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Генералова Злата

6 класс, гимназия №5 г. Астана

Руководитель: Аубакирова Айнагуль Аманжоловна

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25-жыл

Мен Қазақстанда дүниеге келіп, тұрып келемін. Бұл менің Отаным, менің үйім. Адамның дүниеге келіп, өскен жері мәңгілікке әр адамның жүрегінде қалады. Ата-бабаларымыз бізге қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Ұлттық әндерді тыңдай отырып біз қазақ елінің кең-байтақ жазықтарын, биік шыңды асқар тауларды көз алдымызға елестетеміз. Еліміз қазіргі біздің уақытымыздағыдай болуы үшін ата-бабаларымыз үшін көптеген ғасырлар қажет болды.

Тарихымызға көз жүгіртсек, онда біз Қазақстанға тәуелсіздігін алу үшін екі жүзден астам жыл кеткенін байқаймыз. Ұлы Отан соғысы жылдарына Қазақстан үлкен үлес қосты. Он мыңға жуық адам Отанымыздың бостандығы мен болашағы үшін күрескен. Соғыс жылдары Қазақстан майданға қару-жарақпен, азық-түлікпен және барлық қажетті заттармен қолдау көрсеткен.

Осы адамдардың арқасында біз еркін және тәуелсіз мемлекетте тұрып жатырмыз.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанды. Осы күннен бастап міне 25 жыл өтті.

Н.Ә.Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті. Қазақстанның жеке мемлекеттік рәміздері бар, бұл – Ту, Елтаңба, Әнұран. Олар мемлекет тәуелсіздігін, бостандығын және ұлтын білдіреді. Қазақстан туы көк түсті – бұл бейбітшілік пен аман-саулықты білдіреді. Алтын күн – тыныштық пен байлықты білдіреді. Қалықтаған қыран – жомарттық, қырағылық пен ой биіктігін бейнелейді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

1993 жылдың 28 қаңтарында тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. 1995 жылдың 30 тамызында осы уақытқа дейін қолданылатын еліміздің екінші Конституциясы қабылданды. Еліміздің әнұранның алғашқы мәтіні 1992 жылдың желтоқсан айында қабылданды. 2006 жылдың қаңтар айында қабылданған жаңа әнұран мәтінінің авторлары – Ж.Нәжімеденов пен Н.Назарбаев. 1993 жылдың 15 қарашасында тәуелсіздігіміздің тағы бір рәмізі пайда болды, бұл – ұлттық валюта.

Қазақ халқының балалық шағынан бастап музыка өнеріне деген махаббаты ерекше етеді. Музыка – халық өмірі мен мәдениетінде ерекше орын алады. Қазақстан әртүрлі бағытта дамып келеді. Заманауи Қазақстанда ұлттық мәдениетпен бірге кәсіптік мәдениеттің басқа да салалары дамып келеді, бұл: балет, кино өнері, театр, бейнелеу өнер және басқалары.

Осы мәдениеттің ең маңызды жетістіктерінің бірі болып қазақ операсы танылады. Қазақстанда жыл сайын «Жас қанат», «Азия дауысы» атты жас орындаушылар байқауы өткізіледі. Сәулет өнері де дами бастады. Көптеген тұрғын-үй кешендері, сауда үйлері, оқу орындары, мұражайлар салынды. Елордамыздың бейнесі қатты өзгерген. Астана күн сайын көркейіп келеді. Қысқа уақытта «Ақ Орда», «Бәйтерек», «Думан», Бейбітшілік және келісім сарайы, Астаналық цирк, Хат-Шатыр сияқты жаңа ғасыр объектілері салынды. Бәйтерек – Астананың басты көрікті жері. Бәйтеректің биіктігі – 105 м құрайды. Сондай-ақ, Астанада көптеген ескерткіштер салынған. Мысалы, Кенесары ханға арналған, С.Сейфуллинге, А.С.Пушкинге, ұлттық батыр – Бөгенбай батырға арналған ескерткіштер бар. Егер тарихқа үңілсек, Астананың бірте-бірте дамығанын білуге болады. Астана тарихы 1830 жылы Ақмола қамалының құрылысынан бастап басталады. 1961 жылға дейін қала Ақмолинск, 1961-1992 жж. Целиноград, 1992-1998 жж. Ақмола деп аталып келді. Астана Қазақстан астанасы болып 1998 жылдың 10 желтоқсанында жарияланған. Қазақстанда 100-ден астам ұлт өкілдері өмір сүреді.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Барлығымыз тату өмір сүреміз. Біздің басымызды біріктіретін тек бір: Біз-Қазақстан халқымыз. Біз Президентіміз – Н.Ә.Назарбаевты құрметтейміз, оның арқасында біз кең байтақ, бейбіт және көркейіп келе жатқан елде өмір сүріп келеміз. Әр адам өз Отанын сүйіп, құрметтеуі, отансүйгіш болуы тиіс. Мен, Отанымыз – Қазақстанның дамуына өз үлесімді қосуға тырысатын боламын. Қазақстан халқы - біртұтас!

Жанел Дидар

11 сынып, № 8 орта мектеп Астана қаласы

Жетекшісі: Утепова Салиха Камбаровна

Мен Тәуелсіз елдің перзентімін

Бұл сөз – менің бойымдағы, сан мыңдаған тамырдағы қанды бұрқақтатып, кеудемдегі кішкентай жұдырықтай жүрегімді тулатып, басымды көкке көтеріп тұрып, анамның алпыс екі тамырын идірген сүтпен келген, қылыштай өткір қазағымның тілімен сөйлеткен, ғаламның төрт бұрышына мақтанышпен айтатын сөз.

Мен ұлтарактай жерін қасық қаны қалғанша қорғап, қызын қырдағы жайқалған қырмызы гүлге балаған, ұлын ұрпақ жалғастырар мұрагері деп ардақтаған, жеті атадан қан тазалығын сақтап ұрпағын өсірген, бейбітшілік туын көкке көтеріп көк бөрінің еркіндігін сақтаған, текті қазақ деп аталатын тәуелсіз ұлттың өрені боламын.

Өткен тарихы мол мұраға айналып, өскелең ұрпаққа асыл қазынадай ілім жолын салдырған, тарихын өшпестей етіп тасқа қашаған, шежіресін өлместей етіп кітапта қалдырған, жырлары дастан болып жырланып, батырларының ерлігі аңызға айналған, осы ғаламда Мәңгілік ел болып қалатын мемлекеттің ұрпағымын.

Азаттық үшін күрескен Күлтегіннің ерлігімен сусындаған, Абылайдың туының астына қазақты жинаған, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Райымбек батырлардың ерлігін қайталаған, Кенесарының қайсарлығынан жүрегі тулаған, Ахмет, Бөкейхан, Мағжан, Шәкәрім жырларынан Алаш арыстарының арманын жалғастырған егеменді елдің ұрпағымын.

Талай қырғынды басынан кешірген, бүкіл әлемге қазағы «тарыдай шашылған», бірақ атамекеніне қайта оралған, арыстарым құрбандыққа қиылған, рухани қазынам жасырын оқылған, талай қиындықты басынан өткізіп иілсе де, сынбаған қазақтың қайсарлығының жалғасымын.

Тәуке хан жазған «Жеті жарғының» заңымен жүрген, ұлы билерімнің данышпандығын көрген, халқымның қырылғанына күйінген, батырларымның жеңісін сезінген, Әлия, Мәншүк, Бауыржанның ерлігін жалғастырар елдің қыранымын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Абай салған дара жолда өзімнің кішкене ғана қайығымды ескен,
Мұқағалидің сезімінен қиялданған, Фаризаның қайсарлығынан нәр алған
қазақ қызымын.

Кешегі ызғарлы желтоқсанда еркіндік шеруіне шыққан, өз өмірін біздің
тәуелсіздігіміз үшін құрбан еткен Қайрат, Сәбира, Ләззаттың асқақ
армандарының нәтижесі – қазақ елінің болашағымын.

Мен әдет-ғұрып салт- дәстүрін сақтаған, баласына бесік жырын
жырлаған, тойында келіннің бетін ашып, көпшілікке сәлемін иілдіріп
салдырған, Наурыз мерекесін жоғалтпай қайта жаңғыртқан, қайтқандардың
рухын ардақтаған, тірілерді жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа
уағыздаған еркін өскен елдің перзентімін.

Оңтүстігі Сырдариямен сырласқан, Солтүстігі Ертіспен ұштасқан, Батысы
Жайықпен жайқалған, Шығысы Алтаймен ұштасқан ұлан –байтақ жердің
иесі, жүздері мейірімге толы, ашық алақанындағы барын тосқан, қонағын
төріне шығарған қонақжай елдің еркесімін.

Көк байрағымды биіктерде желбіреткен, әнұранымды күллі әлемге
естірткен, ғарышта қазақтың әні шырқалған, шетелдерде Абайдың өлеңдері
жатқа айтылған, талай күресте жеңіліп көрмеген ұландардың «Мен-
Қазақпын!» деп сеніммен айтқан замандастарыммен мақтан еткен Тәуелсіз
елдің ертегі үмітімін!

Жиырма бесінде жасындай жарқыраған, елінің даңқын әлемге танытқан,
Тәуелсіздік кемесін еркін ескен, бейбітшілік желкенін ғаламға желбіреткен,
ұрпағынан зор үміт күткен, кер кеткендерге ағалық ниетпен ақыл-кеңес
беретін басшысы бар, жеңістерге жеткендерді аялаған, халқының
тыныштығын бұзғысы келгендерді аямаған елдің ұланымын.

Ең алғаш сенімсіз қадамдарымды нық басуға үйреткен, жүзден астам ұлт
өкілдерін бір шаңырақ астына жинаған, өткеніне үлкен құрмет, болашағына
үлкен сеніммен қарайтын, басқаларға үлгі болатын Тәуелсіз елдің
жалғасымын!

Мен осындай Тәуелсіз елдің ұланы болғанымға мақтан етемін!

Сарсембаев Әбілмансұр
Райымбек батыр атындағы №50
«Қазғарыш» мектеп-лицейіні, 10-сынып оқушысы
Жетекші: Ермаганбетова А.К.

Қаз тұрып қадам басқан Қазақстан!

Ертеден ата-бабамыз тәуелсіздікті аңсап, елін, жерін жат-жұрттыққа бергізбей, ұлан-байтақ жерімізді қасықтай қандарымен қорғап, келешек ұрпақтарына аманатпен жеткізген. Тарихқа терең үңіле отырып, мен өз қазағымның батырлығына риза боламын. Қазақстан — тарихы тереңге кеткен ел. Менің көшпенді жұртым ғасырлар бойы қандай қиыншылық көрсе де, бостандық пен тәуелсіздікті аңсап өткен. Бір жағынан анталап қоршаған, аюдай ақырған көрші, мықты мемлекет — Ресей, екінші жағынан жанкешті айдаһарлы — Қытай. Менің көп қиындықты басынан кешірген елім қатыгез Шыңғысханның талай жаугершілігін де басынан өткерсе де еш мойымаған.

Аптап соққан ыстық желмен алысып жүріп, салқын самал соққан таулы бөктерлерде рахаттана өмір сүрген көпке белгісіз халық ол — менің ХАЛҚЫМ! Қазақ елі алғаш рет бостандық дәмін Жәнібек пен Керей ханның тұсында тапты. Есін енді жия бастаған кезде ел басына қара бұлт тағы төнді. Ол «Ақтабан шұбырынды» еді. Тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе ХХ ғасыр қазақ үшін қайғыға толған кезең болды.

Менің әке-шешемнің айтуы бойынша, Кеңес Одағы тарағаннан кейін ел ішінде көп қиыншылықтар болды. Халық тұтынатын тауарлар мен азық түлік күрт азайды, зауыттар мен фабрикалар жабылып, электр жарығын өшіріп, еңбекақы уақытында берілмеді. Әркім өз қарекетімен күн көрді. Басқа елге көшкендер көп болды. Ал 1986 жылғы Желтоқсанның қанды оқиғасы туған жер төсінде төгілген қазақ қанының ең соңғысы болсын деп тілейміз. Сол төңкерістен бес жыл өткен соң қазақ үшін аңсаған күн де келіп жетті.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін салтанатты түрде жария етті. Елбасы: «Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Бұл баршамыздың туған ел алдындағы перзенттік борышымыз», деген халыққа жолдаған үндеуінде үлкен мағына жатыр.

Тәуелсіз ел, дербес мемлекет болып ХХІ ғасыр табалдырығын сенімді аттадық. Халық өз қалауымен президентін сайлап, Ата Заңымыз бен мемлекеттік рәміздерімізді қабылдадық. Ана тіліміз — қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Қазақстанның астанасы — Астана қаласы болды. Ол күннен-күнге жаңарып, жаңа белестерге көтерілуде. Астананың қазіргі сәулет өнерінің үлгілеріне сай бой түзеген, көкпен таласқан биік те, сұлу ғимараттары бір кездегі қарапайым облыс орталығын адам танымастай

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

өзгерткені анық. Өзге елде туымыз көк аспанда желбіреп, рухымызды асқақтатар айбынды әнұранымыз шырқалғанда, әрбір қазақстандық жүрегінде еліне деген мақтаныш сезімі орнайды. Биылғы 2016 жылғы Рио-Де-Жанейрода өткен Олимпиада кезінде біздің спортсмендер алтын алып, көк байрағымызды желбіретіп, еліміздің әнұранын бірнеше рет шырқатқан кезде мен өзімді өте бақытты сезіндім, әрі мақтанышпен толқуда болдым.

2015 жылғы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік күніне арналған құттықтау сөзінде Елбасы: «Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туды», - дей келіп, бізге, халқымызға әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келетінін, сол кездерден мүдірмей өтуге шақырды.

Еліміздің халықаралық саясаты мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің дүниежүзілік кепілдігіне қол жеткізуге бағытталды. Ауқымды да жемісті, зор нәтижелі жұмыстар атқарылды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр. Бүгінгі күні Қазақстан Халықаралық аренада танымал деп сенімді түрде айта аламыз.

2016 жыл елеулі оқиғаларға толы. Солардың ең маңыздылары:

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы

Желтоқсан көтерілісіне отыз жыл

Семей полигонының жабылғанына 25 жыл

Әрине, бұның бәріне біз оңай жолмен келген жоқпыз. Тәуелсіздікпен мақтану аз, оны жақтау жеткіліксіз, көздің қарашығындай сақтау — баршамызға парыз. Келешек ұрпаққа, барша қазаққа халық мүддесін қорғау — қарыз. Қорыта айтқанда қазақтың арманы болған тәуелсіздік баянды болсын деп тілейік! Мектеп оқушысы болсам да Тәуелсіздіктің тарихын, естелік оқиғаларын өз көзіммен көргендей, араласқандай сезінемін. Өйткені, біздің ата-аналарымыз сол тарихпен бірге қайнасқан, ал ұстаздарымыз тәуелсіздікке байланысты тәрбие сағаттарын әрдайым қызықты, әрі тартымды өткізеді. Тәуелсіз еліміздің рухани тұғыры — «Астанада» туып-өсіп жатқаныма мақтанышпен жазамын. Бүгінгі таңда осындай бақытты, барша әлемге үлгі бола алатын елде тәрбие, білім алып жатқаныма өте ризамын. Тек әрдайым көк байрағымыз биікте желбіреп, еліміз аман, аспанымыз ашық болса екен.

Мен өз елімнің патриоты болып әрқашан Қазақстанды мақтан тұтам. Елімнің көркейіп, гүлденуіне өз үлесімді қосып, пайдамды тигізіп, халқым үшін еңбек етемін. Менің де өз алдыма қойған үлкен мақсатым бар. Мектептен жақсы білім алып, одан әрі білімімді жалғастырып, ата-анамның үмітін ақтау, елім үшін еңбек ету. Соған бар күш-жігерімді жұмсаймын.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Рамазанова Дина

10 сынып, № 8 орта мектеп

Астана қаласы

Жетекшісі: Утепова Салиха Камбаровна

Өткенін білмеген ұрпақтың келешегі болмайды

Еліміздің өткеніне көз салсам, әрине, жүрегім қынжылады. Сонау қиын шақтарды басынан өткізген халқымыз тәуелсіздік үшін қасықтай қаны қалғанша күрескен, жастайынан өмірі қиылған жастарымыз есіме түседі. Бүгінде Қазақ елі егеменді ел болды. Бодандықтан босану мен Тәуелсіздік біздің елге оңай келген жоқ. Осы жолда халқымыз өзінің батырлығы мен қайсарлығын, батылдығы мен ержүректілігін көрсетті. Елі, жері, тәуелсіздігі үшін жандарын ғана емес, абыройы мен жанұясын да, сүйікті жары мен бауыр еті балаларын да, өмір сыйлаған ата-аналарын да құрбан етті.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін ұстазымыз: «Сендер бақыттысыңдар. Біз кезінде қазақтың болашағы мен еркіндігі үшін күресіп, қиянаттың құрбаны болған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сынды Алаш арыстарының туындыларын оқыған жоқпыз. Қазақтың бетке ұстар азаматтарының тамаша-тамаша шығармаларын бізден жасырып, оларды ұлтшылдар деп қаралап келген еді. Сонда біз көп нәрседен мақрұм болғанымызды кеш түсіндік. Ал сендер осы аталарыңның өлеңдерімен ұлғайып, әңгімелерімен сусындап жүрсіндер», - деген сөзі бізді ерте есейтіп жібергендей болды.

Иә, біз осы аталарымыздың ерлігі мен еңбегінің құдіретін сезініп келе жатқанымызға қуаныштымыз. Іргесі сәгілмейтіндей етіп 15 республикадан құралған КСРО мемлекетінің ыдырауына Қазақстанда 1986 жылы желтоқсан айында болған жастардың көтерілісінің әсер еткені ме деген ойға барамын. 70 жылдай өз айтқанын істетіп, өз дегенімен жүргізген кеңес өкіметіне деген қарсылықты қазақ жастары жүрегінің қалауымен, қайсарлықтың рухымен көрсете білді. Себебі, өз ұлтын құрметтейтін, өз елін сүйетін жандар ғана мұндай ерлік жасай алатын еді. Өкініштісі, олардың ерлігі сол кезде қолдау таппай, талай жас оқу орнынан шығарылып, талай қыршын құрбандыққа шалынды. Олар сол кезде өлім үшін емес, өмір үшін күресіп, қазіргі әнұранымызға айналған әнді бірлесе жүріп орындаған екен.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мен қазір әнұранымыз орындалған сайын, жанымызда желтоқсанның құрбаны болған жандардың рухы тұрғандай сезімде боламын.

1991 жылы Қазақстан өз Тәуелсіздігін алған кезде ең бірінші, «ұлтым», «халқым» деп еңіреген Алаш арыстарының есімдерін ақтады, олардың мұрағаттарда «шаң басып» жатқан туындыларын қайта жариялап, қазақтың рухани қазынасын өзіне қайтарып берді. Кезінде «халық жауы» атанған 103 мың қазақтың 27 мыңы тергеусіз атылып, қаншама мыңы сүргіне жіберілгені ауыр жұмыс пен азапты қорлықтан қаза тапқан еді. Тәуелсіздіктің арқасында аттары ақталмай, еңбектері аталмай келген сол арыстарымыздың рухын еске алу мақсатында 1997 жыл- «Жалпы ұлттық татулық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы болып атталып өткені де, 31 мамыр сол құрбандарды еске алу күні етіп бекітілгені де халқымыздың тәуелсіздігін алғанының белгісі емес пе?

Елбасымыз Астана қаласын мемлекетіміздің астанасы етіп тағайындағаннан бері, 15 жылдай уақыт болды. Осы жылдар ішінде қаламыз жылдан-жылға көркейіп, жаңа қырынан танылуда. Астана- бұл тек Қазақстанның Отаны емес, Еуразия елінің кіндігіне айналды. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев көптеген мемлекеттермен берік достастық орнатып, түрлі іс-шаралар мен жиындар өткізіп, тек менің елімнің ғана емес, бүкіл әлемнің тыныштығына алаңдайтын көшбасшы екеін дәлелдей білді.

Ұлы Абайдың туған жері Семей жерінде ядролық қарудың сынақ полигоны болғаны бәрімізге мәлім. Бұл жерде жарылған атом бомбаларының саны 456 болып, Хиросима қаласында жарылған бомбадан 2,5мың есе көп болғандығы туралы мәліметтер бар. Бұл деген - қазақ халқының қаншама бөлігі залалды ауруға шалдығып, ұрпақтары мүгедекке айналған деген сөз. Елбасының 1991 жылдың тамыз айында Семей сынақ полигонының жабылуы туралы шығарған шешімі де қазақ халқының жеңісінің бірі болып саналады. Биыл осы шешімнің қабылданғанына да 25 жыл болып отыр. Бұл да Тәуелсіздік үшін күрескен халқымыздың алғашқы жеңістерінің бірі емес пе?

Қазақтың қасиетті де құдіретті жәдігерлері – біздің ата-бабамыздың тарихы мен тұрмысын, өмірі мен рухани құндылықтарының бірі. Астана қаласында Ұлттық музейдің ашылуы, ондағы қойылған тарихи заттар мен жәдігерлердің көпшілігі қазақтың өз жерінде емес, басқа мемлекеттердің музейінде болғаны, сол құндылықтарымызды елге қайтару үшін жасалынған жұмыстардың бәрі де еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін іске асырылды. Енді біздер ата-бабамыздың тұрмысын, тіршілігі мен немен тыныстағанын,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

азаттық үшін күрес жолында жасаған ерліктерін тек оқулықтардан ғана емес, музейден көзімізден көріп, көңілімізбен сезінетін боламыз.

Соңғы күндері тағы да бір жақсы жаңалық: 93 жылдан бері Ресейде сақталған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің басшыларының бірі Кейкі батырдың басы елімізге жеткізіліп, қазақтың азаттығы үшін күрескен ердің рухы тыныштығын тапты. Батырдың денелері бір жерге жерленуі, қазақтың қасиетті құндылығының қайтарылуы да - біздің елімізде болып жатқан өзгерістердің бірі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында, өкімет басында отырған ағаларымыздан тағы бір тарихи құндылығымыз-қазақтың соңғы ханы болған Кенесары ханның басын елге қайтару үшін әрекет жасауларын өтінер едім. Кенесары атамыз да кезінде қазақтың азаттығы мен еркіндігі үшін жанын құрбан еткен ұлт батырларының бірі емес пе? Неге атамыздың рухын тыныштандыру үшін денесін арулап жерлемеске?! Неге Тәуелсіздік мерекесіне жақсы қуанышты жаңалықпен толтырмасқа?!

Иә, біз ата-бабалардың өткен өмірі мен келешек ұрпақтың болашағы бір-бірімен тығыз байланыста. Өткенін білмеген ұрпақтың болашағы баянды болады деп айта алмаймын. Ата-бабаларымыздың тарихы қайғылы да қасіретті, қуанышты да шуақты болған. Осы тарихты келешек ұрпақ ешқашан ұмытпауы қажет. Сонда ғана біз тәуелсіз мемлекеттің еркін де азат ұрпақтары боламыз.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Таджигалиева Ақбота

Астана қаласы, «№ 74 мектеп-гимназия» КММ

8 сынып оқушысы

**Жетекшісі: Бакирова Айгүл Мұханбетқалиқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Тәуелсіздік - тәңір сыйы

Әлемдегі жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иеленген қазақтың көңіліндей кең-байтақ жер – менің туған өлкем, қазақ жері. Атыраудан Алтайға дейінгі, Есіл мен Алатауға дейінгі шексіз жерді аталарымыз қызғыштай қорғап, бізге тарту еткен үлкен сый. Келер ұрпағына «асыл мұрам, ал балам» деп айту үшін қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешкен еді. Туған жер туралы ойларымыз дәлелді болуы үшін Елбасымыздың сөзінен мысал келтіре кетейін: «Құдай қазаққа қырын қаратпаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген». Елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай тарландарының, ержүрек, ел бірлігін ойлаған би - шешендерінің бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан Елбасымыздың нұрлы шапағатына» дейін ұласып отырғаны айғақ.

Екі жүз жыл бойы қазақ халқына тыныштық бермей, бейбіт елге көз алартқан жоңғар басқыншыларына қарсы елін бастап, ерлікпен жерін қорғаған – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай бастаған батырлардың, өз Тәуке, Абылай хан, Кенесары тәрізді хандардың ел үшін бастарын бәйгеге тіккен ерліктерін бүгінгі таңда ұрпақтары ұран қылып, мақтан етеміз.

Иә, айта берсе кім менің байтақ далама көңілі ауып қызықпады десеңізші?! Сол қиын-қыстау кезінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға үндеген Абылай сияқты хандарымыз батырларын, елін сүйген ерлерін, қарапайым халықын достық, бірлікте ұстаған. Жағадан алған жауды тарыдай шашып, қоқаңдап қыр көрсеткен Қохан хандығымен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқаны бабамыздың даналығының арқасында. Сол бабаларымыздың сары майдай сақтап қалдырған асыл мұрасы, өмір сүріп отырған аяулы Отанымыз – Қазақстан!

Осы асыл мұраны келешек ұрпаққа сақтап қалу жолында ата-бабамыз қаншама азапты күндерді бастан өткерді. Зұлмат ашаршылық, зиялы қауымды «халық жауына» балаған тоталитарлық қысым, қаншама боздақтардан айырған 1941-1945 жылдардағы қиян-кескі соғыс, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларында айбатынан жау жасқанған дұшпандарын жеңіп

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

шыққан – қазақтың жауынгер батыр ұлдары, төзімді де, тәуекелшіл «қазақ» деген ұлы халық.

Қазақ халқы ұзақ уақыт бейбіт өмір сүре алмады. Елмен елдесті, жаумен жауласты, дәуірлеу мен тоқырау, шарықтау мен құлдырау кезеңдерін бастан кешті. Ақырында отаршылдықтың кейпін киді. XVIII-XIX ғасырларда халқымыз еркіндігінен айырылды. Еркіндігінен айырылып қана қоймай бірінші, тілден, діннен, мәдениеттен, әдет-ғұрыптан, жерден, өнерден айырылды. Екінші, халқымыздың біртуар ұл-қыздарынан тағы айырылды. Атап айтқанда рухани отарлау жолымен біз орыс халқына тәуелді болдық. Патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлық саясатының басты мақсаты жергілікті халықты орыстандыру, тілінен, дінінен айыру еді. Патша үкіметінің отарлау саясаты көптеген шарттармен жүзеге асып отырды. Осылайша орыстандыру қазақ елінің барлық жерінде қарқынмен жүріп отырды. Патша үкіметі өз өскерлерін әкеліп қорғандар сала бастады. Бұл - қазақ жеріне іштей ену еді. Қазақ елі бұдан кейін өкімет басына келген коммунистік партиядан азапты жылдарды жылдарды көрді. Қазақ даласында емін-еркін жайылып жүрген төрт түлік мал большевиктік шокпармен тартып алынды. Жұрт бас суғалап туған жерден кетуге мәжбүр болды. Байлар жер аударылып, қанаушы тап ретінде жойылды. Барлық жерде мектептерде де, жұмыстарда да коммунистік идея қалыптасты. Осымен қоймай қазақ тілінде арыз, шағым жазуға тыйым салынды. Мұның бәріне 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігінің салтанатты жариялануы нүкте қойды. Ешкімге дес бермеген, ешнәрсеге моймаған халқымыз бертінде тап болған бостандықтың бұғауынан босап, еркіндік туын қайта тікті. Сол күннен бастап біз өнерімізбен, әдебиетімізбен, мәдениетімізбен, қайта табыстық. Міне, биыл сан жылдар бойы сабылып іздеген, армандап аңсаған, қуана күткен тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл толғалы отыр. Бүгінгі таңда қазақ еліне, жеріне тамсанбайтын жан жоқтың қасы. Бір кездері атын атауға болмайтын ардақты ағаларымыздың еңбектерін қызыға оқитын болдық, өз ана тілімізде жасқанбай, еркін әрі мақтана сойлеуге де жеттік, төрткүл дүние көз тіккен байрақты бәсекелерде де Әнұраны шарықтай шырқалса, Туы желбіреп, биіктен көріне білді, әлем танып, тамсанды. Ендігі жерде біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан.

Менің елім тәрізді қаһарман ел жоқ! Асты қазынаға, бетіндегі елі бірлікпен біте қайнасқан туған жерімнің қай қыры болмасын – ыстық та қимас мекен. Қазақ жері жайлы ішкі толғанысымды Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына ойларымен сабақтай кетсем деймін: «Тәуелсіздіктің қайта оралғаны – біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

күшімен қорғап қалғанның арқасы. Мұндай жер болмаса, мұндай ел де болмас еді!». Иә, мұндай жер болмаса, мұндай ел де жоқ еді. Осындай ғажап өлкеде туып-өскен жан ғана емес, ауасын жұтып, топырағын басқан адам да тәуел етері анық. Қиын заманда өз елінен шеттетілген қаншама ұлт пен ұлыс баласын өзекке теппей, бауырға басқан кеңпейіл өлке – осы қазақ жері емес пе еді?!

Біз - өткен күрестер жеңісінің жемісін жеп отырған бақытты ұрпақпыз. Өздерін ағалата алмаса да, елін табалатпаған ерлеріміз жері мен елін ұрпаққа аманат етті, өмірлері өксімей еркін болса, тәуелсіз өмір сурсе деп армандады. Тәуелсіздіктің тірегі, туған жердің тұғырына қонар жас қыраны – бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған ұлы міндет – бабаның қанымен келген туған жерді кең байтақ қалпында, туған тілді өзге тілмен алмастырмай, өз қалпында келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыру.

Біз бақытты жандармыз, себебі, біздің туған жеріміз, еліміз, ана тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, тәуелсіз Отанымыз бар. Еңсемізді көтеріп, жан-жағымызға мақтана қарағанда, жұдырықтай жүрегіміз қуанышқа бөленеді. Тәуелсіздікке қол жеткізген осынау жарқын күндерде менің санамда туған өлкемнің, байтақ Қазақстанның басына қонған бағы баянды болып, мәңгілік ел тұғырынан таймаса екен деген тәтті тілек қана...

Аяулы Отаным – Қазақстан туралы жазарымыз да, айтарымыз да, кеуде қағып мақтанарымыз да көп-ақ... Ендеше, туған жерім – Қазақстанды көркейтетін де, байытатын да, өз бақытының иесі болуына қол жеткізетін біз сияқты ұландары. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздіктің бес жылы» деп аталатын еңбегінде былай дейді: «Біздің туысымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жанжал атаулына бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруге мүдделіміз». Менің түсінігімше, туған жер дегеніміз – дүние есігін ашқан, кіндік қаның тамған ауылың немесе қалаң ғана емес, өзің өмір сүріп жатқан тұтас туған елің, отқа түсер Отаның болуы тиіс. Менің туған елім, туған жерім кең-байтақ – қазақ жері! Ал , Қазақстанның тәуелсіздігі – Тәңірдің сыйы!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Шерубаева Майра

11 сынып, №8орта мектеп Астана қаласы

Жетекшісі: Утепова Салиха Камбаровна

Тәуелсіздікке 25 жыл

Тәуелсіздік! Біз тәуелсіздікке аталардың қаны, бабалардың арманы, ұрпақтардың сан ғасырлық күресінің арқасында жеттік. Қазақ қазақ болғалы қаншама жаугершілік пен қиыншылықты, қаншама қасірет пен қанды қырғынды, қаншама қара зұлмат пен тоқырауды басынан өткізді. Халақымыздың тарихына үңіліп, өткеннің естелігін таразыласақ менің халқымның көргенін, басынан кешіргенін ешбір халық көрмеген екен.

Жоңғардың шапқыншылығынан құтыламын деп Ресейдің қоластына паналағанда басқаға тәуелді боламын деп ойламаған еді. Қытай мен жоңғардан құтыламын деп Ресейдің отына түсерін аңғал халқым сезбей де қалды емес пе?

Талай шұрайлы жері мен құнарлы өлкесін өзгеге беріп өзегі өртенсе де, сенімін жоғалтпады. Еркіндік үміті кешегі өткен Сырым, Махамбаев, Кенесары сынды батырлардың көтерілісі кезінде жандана түсті. Бірақ бұл үкілеген үміт ұшқыны ер рухты батырлардың ажалы мен қазақтың қайғысын басынан кешіргенде жалыны өшкен оттай төмендеген кезеңдерді де өткізді.

Кеңес үкіметі орнаған жылдары қолына қалам алып күрескен қазақтың зиялылары Сәкен, Ілияс, Ахмет, Мағжан ағаларымыздың арманы да елімнің еркіндігі мен халқымның тәуелсіздігі үшін болған күрес емес пе еді?! Ұлтым деп еңіреген Алаш арыстары да, қазақтың азаттық, бостандығын жырлаған, кеңес үкіметінен көп нәрсені күткен ағалардың үміті де ақталмай кетті. Олар екі жолды таңдаса да, екі майданда күрессе де ,армандары бір, үміттері жалғыз-қазақтың еркіндігі еді.

Қазақ халқының кеудесіндегі оттың жалыны төмендегенмен, жүрегіндегі сенім ұшқыны өшпеген еді. Талай дауылды топандар мен қаралы қырғындардан аман қалған халқымның еркіндікке деген сенімі жоғалмады. Еңсесін көтеретін күнді асыға күтті, күресін тоқтатпады, сергелдеңге түссе де сенімін жоғалтпай, желтоқсанның ызғарында жас қыршын жауқазындарын үсікке шалдырып, аңырап қалған кезеңді көрді.

Міне, талай батырдың күресімен, талай ақынның жырларында жырланып, талай қазақтың қанымен жеткен Тәуелсіздікке 25 жыл болып

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

отыр. Осы 25 жылдың ішінде еліміз жылдар бойы жетпеген жетістіктерге, шықпаған белестерге шықты. Еленбеген ерліктері ескеріліп, айтылмаған ойлар айтылды. Кезінде қазақ ұлтын КСРО деп қана таныған болса, енді Қазақстан деп танытып жүрміз. Еліміз дүниежүзілік қандай мәдениет, спорт,ғылым,әскери сайыстары мен жарыстарына бармасын алпауыт мемлекеттердің қатарында танылып келеді. Төрінде қазақтың ән ұранынын шырқатып, көгінде көк байрағын желбіреткен Қазақстанның қай ұлт өкілі болмасын, олар өздерін «Мен Тәуелсіз Қазақстанның перзентімін» деген сөздерді мақтанышпен айтқанын талай естіп келеміз.

Мемлекет басшылары мен шетелдік қонақтар Астана қаласына келіп,

25 жылдың ішінде Елордамыздың ғажайып қалаға айналғанын көріп, таңырқап жатқанын да естиміз. Сарыарқаның қақ төрінде орналасқан, тоғыз ай бораны мен бет қаратпас аязы толастамайтын Ақмола қаласын Еуразияның кіндігіне айналдырмақ болған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың да көрегендігін байқаймыз. Осы жылдар ішінде Елордаға әлемдік басшылар ғана емес, спорт майталмандары мен көркемөнер саңлақтары, түрлі ұлт өкілдері, білім сайысына қатысқан жоғары білім ордаларының студенттері мен мектеп оқушылары да келіп, қаламыздың көркіне тамсанып кетті. Кезінде бірен-саран ғана емені мен сексеуілі көрінетін алып қала қазіргі таңда жасыл белеске айналып, ақ қарға оранған шыршасының өзі өзгеше жасылданған, әр гүл алаңынан қазақтың өрнегі мен оюын көрген сайын кеудемізде өз елімізге деген мақтаныш сезімі ұлғая түседі.

2017 жылы елімізде өтетін ЭКСПО көрмесі де –Тәуелсіздігіміздің жемісі. Осы көрмеге қаламызға қаншама халық, қаншама шетелдіктер келеді. Кім білсін, біздің еліміз туралы естімеген әлі де елдер бар шығар. Елімізге келген қонақтар біздің мемлекетке келіп, біз туралы, қазақ халқы, Қазақстан мемлекеті , еліміздің қонақжайлылығы туралы әңгімелеген кезде олар да жер жүзінде осындай Тәуелсіз мемлекттің барын білетін болады.

Иә, елімізде әлі де істелінетін жұмыстар көп. Халқымыздың «Отызында орда бұзбаса, қырқында қамал алмайды» деген аталы сөзі бар емес пе? Ал менің елім осы 25 жылдың ішінде талай жетістіктерге жетіп отыр. Алдымызда істелінетін жұмыстар көп, жеңетін жеңістеріміз де алда. Оның бәрі біздің, яғни Тәуелсіз елдің ұрпақтарының еншісінде. Сондықтан тәуелсіздіктің туын жоғары желбірету үшін еңбек етіп, білім жолында талмай ізденіп, елімізді көркейте берейік ,Жас ұрпақ!